

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2025 жылғы 3 қыркүйектегі № 87
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2025 жылы 4
қыркүйекте № 36793 болып
тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

**«Халық арасында АИТВ инфекциясын жұқтыру жағдайларын тергеп-
тексеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-231/2020
бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Халық арасында АИТВ-инфекциясын жұқтыру жағдайларын тергеп-тексеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-231/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21725 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 105-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:»;**

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Халық арасында АИТВ-инфекциясын жұқтыру жағдайларын тергеп-тексеру қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрілігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

А. Альназарова

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
2025 жылғы 3 қыркүйектегі
№ 87 Бұйрыққа қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 3 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-231/2020 бұйрығына
қосымша

Халық арасында АИТВ инфекциясын жұқтыру жағдайларын тергеп-тексеру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Халық арасында АИТВ инфекциясын жұқтыру жағдайларын тергеп-тексеру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 105-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының халқы арасында АИТВ инфекциясын жұқтыру жағдайларына тергеп-тексеру жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) авариялық жағдай – инфекцияланған материалдың немесе биологиялық субстраттардың зақымдалған немесе зақымдалмаған теріге, шырышты қабықтарға түсуі, медициналық манипуляцияларды орындау кезінде жарақаттар (дезинфекциялық өңдеуден өтпеген құралмен теріні тесу, теріні медициналық аспаптармен кесу);

2) АИТВ - адамның иммун тапшылығы вирусы;

3) АИТВ инфекциясы – адамның иммун тапшылығы вирусынан туындаған, иммундық жүйенің ерекше зақымдануымен сипатталатын және жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромы қалыптасқанға дейін оның баяу бұзылуына алып келетін созылмалы инфекциялық ауру;

-
- 4) АИТВ инфекциясы жағдайларын электрондық қадағалау (бұдан әрі – электрондық қадағалау) – эпидемиологиялық жағдайды мониторингілеуге және АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдарға (бұдан әрі – АЖА) медициналық-профилактикалық қызметтер көрсетуді бағалауға арналған ақпараттық жүйе;
- 5) АИТВ инфекциясының көзі – аурудың кез келген сатысындағы, оның ішінде инкубация кезеңіндегі АИТВ инфекциясын жұқтырған адам;
- 6) АИТВ инфекциясының алдын алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымы – АИТВ инфекциясына скринингтік, сараптамалық, төрелік зерттеулер және басқа да зертханалық зерттеулер жүргізетін денсаулық сақтау ұйымы (бұдан әрі – РМДСҰ);
- 7) АИТВ-ға өзін-өзі тестілеу – адам жедел тестілеу әдісімен АИТВ-ға қызылиек маңы сұйықтығын немесе капиллярлық қанды зерттеуді өзі дербес жүргізетін және нәтижесін ашатын рәсім;
- 8) байланысқа дейінгі профилактика – АИТВ инфекциясын жұқтыруды болдырмау үшін инфекция жұқтырмаған адамдарға қолданылатын антиретровирустық терапия;
- 9) байланыста болған адам – инфекция қоздырғышының көзімен байланыста болған немесе байланыстағы адам;
- 10) байланыстан кейінгі профилактика – ықтимал жұқтыру болғаннан кейін АИТВ инфекциясын жұқтыру тәуекелін азайту мақсатында қолданылатын антиретровирустық терапия;
- 11) инвазивтік әдістер – адам организмінің ішкі ортасына ену жолымен жүзеге асырылатын диагностикалау және емдеу әдістері;
- 12) индекстік тестілеу – АИТВ жұқтырған адамның жақын ортасындағы АИТВ инфекциясы жағдайларын анықтау («индекстік жағдай», «индекстік серіктес», «индекстік пациент»);
- 13) инфекцияның ықтимал көздері – АИТВ басқа адамға белгілі бір жағдайларда: жыныстық жолмен, парентералдық жолмен (стерильденбеген медициналық және медициналық емес құралдарды пайдалану, гемотрансфузия, транспланттау, биоматериалмен жанасу кезінде), анадан балаға тікелей берілу жолымен жұқтыратын адамдар;

14) құпиялылық – пациент денсаулығының жай-күйі, оның ауруының диагнозы туралы және оны зерттеп-қарау және (немесе) емдеу кезінде алынған өзге де мәліметтер медицина қызметкері құпиясын сақтау;

15) медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекция (бұдан әрі – МКБИ) – бұл емдеуге жатқызылған пациенттердегі негізгі ауруға қосылған бактериялық, вирустық, паразиттік немесе грибоктан болған, сондай-ақ пациенттің денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық қызметтердің кез келген түрін алуымен байланысты кез келген инфекциялық ауру немесе медициналық ұйым қызметкерінің осы мекемеде жұмысы салдарынан болған ауруы;

16) парентеральды байланыс – қан құю, инъекциялар мен манипуляциялар кезінде тері жабынының және шырышты қабаттардың тұтастығының бұзылуымен, сондай-ақ босану жолынан өту кезінде анадан балаға инфекцияның берілуі;

17) ақпараттық келісім – адамның медициналық көмек алуға және (немесе) оның шешім қабылдауы үшін маңызы бар медициналық көмектің және (немесе) зерттеудің барлық аспектілері туралы ақпаратты алғаннан кейін нақты зерттеуге қатысуға өз келісімін жазбаша ерікті түрде растау рәсімі. Ақпараттық жазбаша келісім уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша ресімделеді;

18) цифрлық құжаттар сервисі – операторға бекітілген және мемлекеттік функцияларды және олардан туындайтын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді іске асыру мақсатында, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау, электрондық нысанда қызметтер алу және көрсету кезінде электрондық құжаттарды жасауға, сақтауға және пайдалануға арналған «электрондық үкімет» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының объектісі;

19) эпидемиологиялық диагностика – бұл аурулардың туындау себептері мен жағдайларын анықтау әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Тәуекелді, тәуекел топтары мен ұжымдарын, сондай-ақ тәуекел уақытын анықтауды, тәуекел факторлары туралы гипотезаларды тұжырымдауды, бағалауды және дәлелдеуді, профилактика бағыттарын негіздеуді және оның нәтижелерін бағалауды қамтамасыз етеді. Эпидемиологиялық диагностиканың негізгі бөлімдері ретроспективті және жедел эпидемиологиялық талдау болып табылады;

20) эпидемиологиялық тергеп-тексеру - бұл инфекция көзін, берілу жолдары мен факторларын анықтауға, жұқтыру қаупіне ұшыраған байланыста болған адамдарды анықтауға бағытталған іс-шаралар кешені.

2-тарау. АИТВ инфекциясын жұқтыру жағдайына тергеп-тексеру жүргізу тәртібі

3. АИТВ инфекциясын жұқтыру жағдайларын тергеп-тексеруді АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі аумақтық орталықтардың эпидемиологтары:

- 1) растау тестінің оң нәтижесін алғанға дейін қайтыс болған адамдарды;
- 2) елден тыс жерлерге кеткен адамдарды;
- 3) оларға қатысты талдау алдындағы кезеңде биоматериалды қате таңбалау фактісі анықталған адамдарды;
- 4) басқа адамның жеке басын куәландыратын құжаттары бойынша АИТВ инфекциясына зерттеп-қаралған адамдарды қоса алғанда, әрбір анықталған жағдайға қатысты жүргізеді.

4. Тергеп-тексеру растау тесті оң нәтиже берген күннен бастап күнтізбелік бір айдың ішінде жүргізіледі. Медициналық көмек көрсету процесінде АИТВ инфекциясын жұқтыруға күдіктену кезінде тергеп-тексеру мерзімі екі айды құрайды. Жұқтыру медициналық көмек көрсету процесінде орын алған болса, тергеп-тексеру қажетті сарапшыларды тарта отырып, аумақтық мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органымен бірлесіп жүргізіледі. АИТВ инфекциясының медициналық көмек көрсетумен байланысты (ауруханаішілік) болуы мүмкін әрбір жағдайына АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі орталық «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175 бұйрығы) бекітілген № 034/е «Хабарлама»

нысаны бойынша шұғыл хабарламаны РМДСҰ-ға және аумақтық мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органына алдын ала хабарламаны жібереді.

5. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тергеп-тексеруді ұйымдастыру мен жүзеге асырудың дәйекті тәртібі «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тергеп-тексерулер жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34988 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 29 тамыздағы № 69 бұйрығымен жүргізіледі.

6. Тесттен кейінгі консультация беру барысында инфекционист дәрігер АИТВ инфекциясының оң нәтижесін АЖА-мен жазбаша таныстыруды жүргізеді. АЖА ҚР ДСМ-175 бұйрығымен бекітілген «АИТВ инфекциясын тасымалдаушысы болып табылатын адаммен құпия әңгімелесу парағы» № 095/е нысанына қол қояды.

7. Анықталған АЖА «АИТВ инфекциясын тасымалдаушысы болып табылатын адаммен құпия әңгімелесу парағы» 095/е нысанына қол қоюдан бас тартқан кезде диагнозбен танысқаннан кейін АЖА-ға АИТВ-ның берілу жолдары, тәуекелдері, міндеттері мен жауапкершілігі түсіндірілгені көрсетіле отырып, «АИТВ инфекциясы диагнозы туралы хабардар ету туралы акт» жасалады, оған үш маман: тесттен кейін консультация жүргізген дәрігер, инфекционист дәрігер және эпидемиолог дәрігер қол қояды.

8. Диагнозы туралы хабарланғаннан кейін анықталған АЖА-ы АИТВ-ның берілу «тәуекелінің бар-жоғын» түсіндіре отырып, АИТВ-ның оң мәртебесін мойындаудан бас тартқан кезде эпидемиолог пациентке АИТВ-ның берілу жолдары туралы қайта түсіндіреді және АЖА-мен бірлесіп сауалнама алу әдісімен АИТВ жұқтыру тәуекелінің бар-жоғын бағалайды. Жеке басын куәландыратын құжат бойынша жеке басын сәйкестендіргеннен кейін комиссиялық зерттеп-қарау кезінде АИТВ инфекциясына жедел тестілеуден өтуді ұсынады. АИТВ инфекциясына жедел тесттің нәтижесі оң болғанда АЖА-ның өзінің АИТВ оң мәртебесін қабылдауы үшін тесттен кейінгі консультация 7 күнтізбелік күн ішінде қайта жүргізіледі, содан кейін динамикалық бақылауға алынады және антиретровирустық терапия тағайындалады.

9. Аумақтық АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі орталығында АИТВ-ға жедел тесттің теріс нәтижесін алған кезде иммундық-ферменттік талдау (бұдан әрі – ИФТ) немесе иммундық-хемилюминесценттік талдау (бұдан әрі – ИХЛТ) немесе электрохемилюминесценттік талдау (бұдан әрі – ЭХЛТ) әдісімен АИТВ инфекциясына зерттеу үшін қан алу жүргізіледі және теріс нәтиже расталған кезде сәйкессіздіктің себебін анықтау үшін меншік нысанына қарамастан медициналық ұйымға шығып, тергеп-тексеру жүргізіледі. Тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін АИТВ инфекциясының алдын алу саласында қызметті жүзеге асыратын РМДСҰ-на АИТВ инфекциясының осы жағдайын есептен шығару үшін есеп жіберіледі, оған мыналар кіреді: күнін көрсете отырып, комиссиялық қан алу актісі; зерттеудің теріс нәтижесі (жедел тест, ИФТ немесе ИХЛТ, немесе ЭХЛТ әдісімен зерттеу нәтижесі); шығу күнін көрсетіп, АИТВ мәртебесі бар адамды анықтау үшін зерттеп-қаралғандардың тізімі ұсыныла отырып, үлгіні қате таңбалау немесе басқа адамның құжаттары бойынша зерттеп-қарауға жол берген, эпидемиологиялық тергеп-тексеру үшін меншік нысанына қарамастан медициналық ұйымға шығу анықтамасы; жағдайды талқылау хаттамасы (хаттаманың нөмірі мен күні, медициналық ұйым басшысының атына түсініктемелер, хаттар); медицина қызметкерінің қан алуды бұзуы анықталған кезде медициналық ұйымның ішкі қызметтік тергеп-тексеру актісі; қабылданған шаралар (бұйрықтың нөмірі мен күні, тәртіптік жазалар), өткізілген іс-шаралар: семинарлар, нұсқамалар.

10. АЖА-ға сауалнаманы эпидемиолог дәрігер құпиялылықты сақтай отырып және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес АИТВ инфекциясы жағдайын тергеп-тексеруді тіркеу картасын толтыра отырып, АИТВ-ға тестілеудің оң нәтижесі болған күннен бастап 7 күнтізбелік күннен кешіктірмей жүргізеді. Белгіленген мерзімде тергеп-тексеру жүргізу мүмкін болмағанда электрондық бақылау жүйесінде себебін (шығу, вахта, коматоздық жай-күйі, іздестіру, бас тарту) көрсету қажет. Байланыста болған адамдарды іздеу және зерттеп-қарау оң нәтиже берілген күннен бастап күнтізбелік бір ай ішінде жүргізіледі. Медициналық көмек көрсету процесінде АИТВ инфекциясына күдік болған жағдайда тергеп-тексеру мерзімі екі айды құрайды.

11. Кәмелеттік жасқа толмаған адамда АИТВ инфекциясы анықталған кезде сауалнама алу және зерттеп-қарау нәтижесін хабарлау ата-анасының немесе заңды өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі. 16 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелеттік

жасқа толмаған байланыста болған адам анықталған кезде АИТВ-ға зерттеп-қарау ата-анасының келісімінсіз, хабардар етілген келісім алып, оң нәтиже алғанда ата-анасын хабардар ету туралы ескертуден кейін жүргізіледі.

12. АИТВ инфекциясы жағдайын тергеп-тексеру барысында анықталған әрбір анықталған АЖА туралы ақпаратты эпидемиолог электрондық бақылау (бұдан әрі – ЭБ) ақпараттық жүйесіне енгізеді. АЖА «АИТВ жұқтырған адаммен құпия әңгімелесу парағы» 095/е нысанындағы ЭБ жүйесіне дербес деректерді енгізуге келісімге қол қоядан бас тартқан кезде растау тестінің нөмірі мен күнін, аты-жөнін, туған күнін, эпидемиологиялық анамнез деректерін қамтитын иесіздендірілген деректер енгізіледі.

13. АИТВ инфекциясы жағдайын тергеп-тексеру кезінде инфекция көзі, берілу жолы мен факторлары, АЖА жыныстық қатынаста болған адамдар немесе инъекциялық есірткіні дайындау немесе қолдану кезінде ортақ инелерді, шприцтерді, ортақ ыдыс-аяқты, ұстара керек-жарақтарын, татуаж жасауға арналған инелерді, маникюр керек-жарақтарын бірге пайдаланған байланыста болған адамдар анықталады.

14. Эпидемиологиялық диагностика деректерінің, пациентте болатын тәуекел факторларының әсерінің негізінде эпидемиолог АИТВ инфекциясы жағдайын тергеп-тексеруді тіркеу картасында АИТВ инфекциясының болжамды берілу жолы, жұқтыру уақыты мен орны туралы қорытындыны ресімдейді. Соңғы қорытындылар байланыста болған адамдарға АИТВ инфекциясына серологиялық зерттеуден кейін жасалады. Медициналық көмек көрсетуге байланысты деп болжанатын АИТВ инфекциясы жағдайларын, сондай-ақ эпидемиологиялық тұрғыдан күрделі басқа да жағдайларды тергеп-тексерулер жүргізу кезінде қосымша құрал ретінде АИТВ генотиптеу және/немесе филогенетикалық талдау әдістерін пайдалануға болады. Аумақтық АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі орталық РМДСҰ-ға медициналық көмек көрсетумен болжамды байланысты АИТВ инфекциясы жағдайын алдын ала тергеп-тексеру нәтижелерін және АИТВ генотиптеу және/немесе филогенетикалық талдау жүргізуді қарау туралы сұрау жібереді.

15. Қан реципиентінде және оның компоненттерінде АИТВ инфекциясының маркерлеріне оң нәтиже алған кезде аумақтық АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі орталық мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) медициналық ұйымда реципиентке жүргізілген барлық гемотрансфузиялар туралы деректер сұратылады;

2) қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын аумақтық денсаулық сақтау ұйымынан медициналық ұйымнан алынған ақпаратқа сәйкес реципиентке құйылған қан компоненттері дайындалған донорлар туралы деректер сұратылады;

3) донорларды іздеу және оларды АИТВ инфекциясының маркерлеріне зерттеп-қаралу жүргізіледі;

4) барлық донорларда АИТВ инфекциясына зерттеулердің теріс нәтижелері алынған кезде - АИТВ инфекциясының берілуінің гемотрансфузиялық жолы алынып тасталады.

16. Қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын аумақтық денсаулық сақтау ұйымына АИТВ инфекциясын реципиентке берудің гемотрансфузиялық жолын растауды алған кезде донордың кейінгі донациялары туралы, сондай-ақ сақтаудағы және медициналық ұйымдарға берілген қан компоненттері туралы сұрау салу жіберіледі. РМДСҰ референттік зертханаларында және қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарында, сондай-ақ сақтаудағы компоненттердің барлық дозаларының қан үлгілері (АИТВ инфекциясын реципиентке жұқтыру болжанған донациядан алынған) донор қанының мұрағаттық үлгісіне қайта зерттеу жүргізіледі. АИТВ инфекциясы маркерлерінің бар-жоғын зерттеп-қаралу үшін осы донордан дайындалған қан компоненттерін құюды алған барлық реципиенттерді іздеу бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

17. Байланыста болған адамдар туралы ақпаратты эпидемиолог /эпидемиолог дәрігердің көмекшісі сауалнама кезінде оларды эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша зерттеп-қарау және инфекцияның болжамды көзін анықтау үшін АЖА сөздерінен жинайды. АИТВ инфекциясы бар адаммен жыныстық және/немесе парентеральді байланыста болған адамдар байланыста болғандар болып табылады. Байланыста болған адамдар тобы берілу жолына байланысты айқындалады және АЖА-ның АИТВ-ға теріс нәтижемен соңғы тестілеу күнінен бастап, медициналық ұйымдарға жүгінбегенде - инъекциялық есірткіні қолдану басталғаннан бастап немесе қорғалмаған жыныстық қатынас басталған күннен бастап бүкіл кезеңге қалыптастырылады. Эпидемиолог байланыста болған адамдар арасында парентеральді және жыныстық жұқтыру

жолдарын, алдын алуды жүргізу үшін АЖА мен оның серіктестерінің негізгі топқа жататынын анықтайды, АИТВ инфекциясына серіктестерін тестілеу қызметтері тегін берілетінін және диагноз және серіктестер туралы барлық ақпарат құпия болып табылатынын хабарлайды.

18. Байланыста болған адамдардың тізіміне эпидемиолог инфекциялану қаупі бар отбасы мүшелерін, соның ішінде баланың анасында АИТВ инфекциясы анықталған кезде 16 жасқа дейінгі балаларды; АЖА жыныстық қатынаста болған немесе ортақ инелерді, шприцтерді немесе инъекциялық жабдықтарды пайдаланған адамдарды қосады. Зерттеп-қарауға жататын байланыста болған адамдардың түпкілікті тізімі Қазақстан Республикасынан басқа елге тұрақты тұруға кеткен, қайтыс болған, бұрын АИТВ инфекциясы диагнозымен анықталған, егер АЖА қауіпсіздігіне қауіп төнетін болса, зорлық-зомбылық тәуекелі жоғары адамдар шегеріліп қалыптастырылады. Егер АЖА қарым-қатынасы аяқталған серіктесті көрсетсе және қарым-қатынас аяқталғаннан кейін үш және одан да көп айдан кейін оның АИТВ инфекциясына теріс нәтижемен зерттеп-қаралғаны туралы құжаттық растау болса, онда бұл адам анықталған зерттеп-қарауға жататын байланыста болған адамдар тізіміне енгізілмейді.

19. Егер АЖА байланыста болған адам туралы дұрыс емес деректерді көрсеткен болса, оған байланыста болған адамның тегін, атын, әкесінің атын (бар болғанда), үйінің мекенжайы мен байланыс үшін телефон нөмірін нақтылау ұсынылады.

20. Сауалнама барысында эпидемиолог АИТВ-ға зерттеп-қаралуға қажеттілігі туралы әрбір серіктеске хабарлаудың ең қолайлы стратегиясын талқылайды: өзінің хабарлауы, эпидемиологтың хабарлауы немесе медицина қызметкерімен бірлесіп хабарлау. Серіктесіне АИТВ инфекциясына зерттеп-қаралу қажеттілігі туралы медицина қызметкері хабарлайтын әдісті таңдаған кезде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес медицина қызметкерінің АИТВ инфекциясына зерттеп-қаралуға шақыру үшін серіктестері туралы байланыс ақпаратын пайдалануына пациенттің ақпараттық келісімі ресімделеді.

21. Әрбір жыныстық немесе инъекциялық серіктес зорлық-зомбылық тәуекеліне бағаланады, содан кейін АИТВ-ға зерттеп-қаралу қажеттілігі туралы серіктесті хабардар ету әдісі нақтыланады. Байланыста болған адам тарапынан зорлық-зомбылық тәуекелін бағалау осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

22. Медициналық көмек көрсетуге байланысты болжамды жұқтыру кезінде медициналық ұйым бойынша байланыста болған адамдар тізімдерін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес әрбір бөлімше бойынша емдеуге жатқызудың барлық кезеңіне АИТВ инфекциясының профилактикасы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымының дәрігер эпидемиологы қалыптастырады.

23. Байланыста болған адамдарды зерттеп-қарау алдында эпидемиолог зерттеп-қаралуға жататындар тізімінен бұрын анықталған диагнозы бар адамдарды алып тастау үшін олардың электрондық қадағалау ақпараттық жүйесінде тіркелуінің болуы туралы ақпаратты тегі бойынша тексереді.

24. Жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған АЖА-мен байланыста болған адамдар АИТВ инфекциясы анықталған сәтте АИТВ инфекциясын зертханалық диагностикалаудың бекітілген алгоритмі бойынша хабардар етілген келісіммен және одан әрі – серіктестегі вирустық жүктеменің нәтижесіне байланысты осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес АЖА серіктестерін индекстік тестілеу бойынша (бұдан әрі – СИТ) байланыста болған адамдарды тіркеу және зерттеп-қарау журналына тіркей отырып, 6 ай мерзімділікпен зерттеп-қаралынады.

25. Индекстік тестілеу шеңберінде АИТВ инфекциясына зерттеп-қаралуға жататын байланыста болған адамдарға мыналар жатады:

1) АИТВ-ға теріс нәтижесімен соңғы зерттеп-қаралған күнінен бастап барлық кезең ішінде инъекциялық есірткілерді бірлесіп қолданатын, АЖА көрсеткен барлық серіктестері; жүгіну болмаған кезде – инъекциялық есірткілерді қолдануды бастағаннан бастап;

2) АИТВ-ға теріс нәтижесімен соңғы зерттеп-қаралған күнінен бастап барлық кезең ішінде онымен қорғалмаған гомо немесе гетеросексуалдық байланыста болған АЖА көрсеткен барлық жыныстық серіктестері; жүгіну болмаған кезде – қорғалмаған байланыс басталған күннен бастап;

3) балада АИТВ инфекциясы анықталған кезде – 16 жасқа дейінгі балалардың аналары, эпидемиолог дәрігердің шешімі бойынша отбасының басқа мүшелері;

4) құжатпен расталған АИТВ инфекциясына тестінің теріс нәтижесі бар ананы зерттеп-қараудың соңғы күнінен кейін туған 16 жасқа дейінгі балалар.

26. Жеке басын куәландыратын құжатты ұсынбаған АЖА серіктестері АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі орталығында жедел тестілеу әдісімен немесе осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес АИТВ инфекциясымен өмір сүретін адамдарға АИТВ-ға өзін-өзі тестілеуге арналған жиынтықтарды беру журналында тіркеліп, қызылиек маңы сұйықтығы бойынша жедел тестпен АИТВ-ға қашықтықтан өзін-өзі тестілеу (бұдан әрі – АИТВ-ӨТ) жолымен жасырын зерттеп-қаралады.

27. АИТВ инфекциясы диагнозын қою және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алу үшін адамның жеке басы жеке басын куәландыратын құжат бойынша сәйкестендіріледі.

28. АЖА серіктестерін қашықтықтан өзін-өзі тестілеу қызметін алғаш рет анықталған АЖА-ға – эпидемиолог/эпидемиолог дәрігердің көмекшісі, динамикалық бақылаудағы АЖА-ға – инфекционист/мейіргер ұсынады: АЖА байланыста болған адамдар серіктестерінің дербес деректерін беру туралы мәселені талқылаудан бас тартқан кезде немесе АЖА серіктесінің АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі орталығына барудан бас тартқан кезде береді. АЖА-ның серіктесі АИТВ-ға тестілеуден өту үшін АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі орталығына келмесе, оны 7 күнтізбелік күннен кейін СИТ бойынша консультацияға қайта шақыру қажет. Серіктес АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі орталығына барудан қайта бас тартқанда АЖА-ға және /немесе оның серіктесіне қашықтықтан өзін-өзі тестілеуді ұсыну, АИТВ-ӨТ-ға келісімді ауызша растауды алу қажет.

29. АЖА-дан және/немесе оның серіктесінен қашықтықтан өзін-өзі тестілеуді жүргізуге ауызша келісім алғаннан кейін «АИТВ-ға өзін-өзі тестілеу жиынтықтарын беру журналында» АЖА-ға/АЖА серіктесіне жедел тест беруді тіркеп, қызылиек маңы сұйықтығы бойынша жедел тест қою рәсімі жөнінде нұсқама жүргізіледі.

30. Эпидемиолог/инфекционист/эпидемиолог дәрігердің көмекшісі/ мейіргер АЖА-ға немесе оның серіктесіне мыналарды:

1) қызылиек маңы сұйықтығы бойынша АИТВ-ға жедел тест қою кезінде нұсқауларды орындау талабы туралы;

2) қашықтықтан өзін-өзі тестілеуді жүргізу тәртібі, кері байланыс беру мерзімдері – жедел тест берілген күннен бастап 7 күнтізбелік күннен аспайтын

мерзімде: мессенджерлердің бірі (WhatsApp, Telegram), телефон қоңырауы, SMS - хабарламасы арқылы АИТВ-ға жедел тест нәтижесі бар фотосуретті жіберу, АЖА немесе аутич қызметкер арқылы немесе өзі жүгінген кезде хабарлау. Кері байланыс нысаны АЖА/АЖА серіктесімен келісім бойынша анықталады;

3) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес жедел тесттің нәтижесіне байланысы АИТВ-ға өзін-өзі жедел тестілеуді өткізгеннен кейін одан әрі әрекеттер бойынша АЖА серіктесіне арналған жаднамада көрсетілген телефон бойынша консультация алу үшін эпидемиологқа/инфекционистке/эпидемиолог дәрігердің көмекшісіне, мейіргерге қоңырау шалу мүмкіндігі туралы түсіндіреді.

31. Жедел тестілеуді өз бетінше жүргізу қиын болғанда АЖА/АЖА серіктесіне ассистенттелген АИТВ-ӨТ үшін медицина қызметкерінің немесе оқытылған аутич-қызметкердің көмегі беріледі.

32. 7 күнтізбелік күн ішінде АЖА/АЖА серіктесінен кері байланыс болмағанда, эпидемиолог/инфекционист/эпидемиолог дәрігердің көмекшісі, мейіргер жедел тестілеу жүргізу және алынған нәтиже туралы ақпаратты нақтылау үшін өзін-өзі тестілеу жинағын алған АЖА-ға немесе АЖА серіктесіне хабарлайды.

33. АИТВ-ӨТ өткізілгені туралы ақпаратты алғаннан кейін эпидемиолог /инфекционист/эпидемиолог дәрігердің көмекшісі/мейіргер нәтижеге байланысты мынадай іс-шараларды қабылдайды:

1) АИТВ-ға жедел тест оң нәтиже бергенде:

- АЖА-мен хабарласу: жыныстық немесе инъекциялық серіктесті АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі орталығына зерттеп-қарау үшін шақыру /алып жүру/жіберу немесе телефон арқылы АЖА серіктесін қосымша зерттеп-қарау үшін өз бетінше шақыру;

- оң нәтиже расталғанда антиретровирустық терапияның (бұдан әрі - АРТ) маңыздылығы және емдеуді ерте бастаудың артықшылықтары туралы консультация беру;

2) АИТВ-ға жедел тест нәтижесі теріс болған кезде:

- АИТВ инфекциясының жұғуына әкелуі мүмкін мінез-құлық тәуекелдері және алдын алу шаралары туралы АЖА серіктесіне консультация беру;

- АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі орталықтарында ұсынылатын қолданыстағы алдын алу бағдарламалары туралы телефон арқылы немесе жеке өзі АИТВ серіктесіне хабарлау: байланысқа дейінгі профилактика (бұдан әрі - БДП), байланыстан кейінгі профилактика (бұдан әрі - БКП), АИТВ инфекциясы бойынша профилактикалық қызмет көрсететін шприц алмасу пункттерінде және достық кабинеттерінде көрсетілетін қызметтер;

- АЖА-ның негізгі топтары мен серіктестеріне жылына кемінде 2 рет АИТВ-ға тұрақты зерттеп-қараудан өту ұсынылады.

34. Дәлелді себепсіз кері байланыс болмаған кезде немесе АЖА серіктесі жедел тест берілген күннен бастап 14 күнтізбелік күн ішінде АИТВ-ӨТ нәтижесін эпидемиологқа/инфекционистке/мейіргерге ұсынудан бас тартқанда, 5-қосымшаның «Жедел тест нәтижесі» бағанында себебін көрсете отырып, «жедел тест нәтижесі ұсынылмады» деп тіркеледі (бас тарту, қайтыс болу, серіктестің елден кетуі, АЖА болып табылады).

35. Эпидемиолог/инфекционист/мейіргер АЖА-ға/АЖА серіктестеріне, оның ішінде АИТВ-ға жедел тест нәтижесін хабарлаудан немесе жедел тест нәтижесінің фотосуретін ұсынудан бас тартқандарды:

1) жедел тесттің жалған-оң және жалған-теріс нәтижесін алу мүмкіндігі туралы;

2) диагнозды уақтылы қоюдың және АИТВ инфекциясын емдеуді ерте бастаудың маңыздылығы;

3) серіктестің АИТВ жұқтыру қаупін төмендетуге ықпал ететін АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі орталығында көрсетілетін қызметтер және байланысқа дейінгі және байланыстан кейінгі профилактика бағдарламалары туралы хабардар етеді.

36. АЖА серіктесінде жедел тесттің теріс нәтижесі болғанда, «АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 19 қазандағы № ҚР ДСМ-137/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21467 болып тіркелген) сәйкес АЖА-ға презервативтер, лубриканттар, спирттік сулықтар, шприцтер беру қажет. 3 айдан кейін АЖА серіктесіне АИТВ инфекциясына қайта зерттеп-қаралудан өту және

байланысқа дейінгі профилактиканы тағайындау үшін достық кабинетіне хабарласу қажеттілігі туралы хабарлау керек.

37. АЖА серіктесінде АИТВ-ӨТ жедел тесті оң нәтиже бергенде шұғыл қосымша зерттеп-қарау жүргізу қажет. АИТВ-ӨТ-ның оң нәтижесі түпкілікті нәтиже болып табылмайды және АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі орталығында ересектер мен 18 айдан асқан балалардағы АИТВ инфекциясын зертханалық диагностикалаудың қолданыстағы алгоритміне сәйкес расталуға тиіс.

38. АЖА серіктесінде жеке басын куәландыратын құжат жоғалған кезде эпидемиологқа/ инфекционистке/ эпидемиолог дәрігердің көмекшісіне/ мейіргерге оны шұғыл қалпына келтіру мерзімі туралы хабарлау қажет. Әрі қарай өзара әрекеттесу нұсқаларын талқылау, байланысу үшін байланыс ақпаратын алу керек.

39. Эпидемиолог/инфекционист/эпидемиолог дәрігердің көмекшісі/ мейіргер АЖА-ға байланыс құралы (Телефон/SMS-/қоңырау/WhatsApp) арқылы:

- 1) серіктесіне өзін-өзі тестілеу үшін жедел тестті тапсыру күні туралы;
- 2) серіктестің өзін-өзі тестілеуді өткізу фактісі туралы хабарлауды ұсынады.

40. АИТВ-ға теріс нәтижесі бар байланыста болған адамдарды эпидемиолог/инфекционист/мейіргер профилактикалық бағдарламаларға, үкіметтік емес ұйымдарға, достық кабинетке, АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі орталығына байланысқа дейінгі профилактиканы немесе байланыстан кейінгі профилактиканы алу үшін жібереді; серіктестердің орналасқан жері белгісіз болған кезде оларды АИТВ инфекциясына зерттеп-қаралу үшін ақпараттық жүйелер бойынша іздестіру жүргізіледі.

41. 16 жасқа дейінгі балада АИТВ инфекциясы анықталған кезде оның анасына зерттеп-қарау жүргізіледі. Анасында АИТВ инфекциясы анықталғанда оның құжатпен расталған АИТВ инфекциясына тестінің теріс нәтижесі бар ананы зерттеп-қараудың соңғы күнінен кейін туылған 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балалары және оның парентеральды және жыныстық берілу жолдары бойынша байланыста болған адамдар зерттеп-қаралады.

42. АИТВ инфекциясын жұқтыру тәуекелі туралы байланыста болған адамдарға АИТВ инфекциясының алдын алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымының эпидемиологы немесе АИТВ-жұқтырған

адам тестілеуге дейінгі консультация беру барысында хабарлайды. Байланыста болған адамдарға АИТВ инфекциясын жұқтыру қаупі бар екендігі туралы хабарланғанда, инфекция көзінің аты жария етілмейді. Жеке басын куәландыратын құжаттардың немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаттың болмауы зерттеп-қаралудан зерттеп-қаралудан бас тартуға негіз болып табылмайды, ол үшін жедел тестілеу немесе қашықтықтан өзін-өзі тестілеу әдісі пайдаланылады. Құжаттары жоқ адамның жеке басын анықтау және құжаттарды қалпына келтіру іс-шаралар қодану АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі орталығының медицина қызметкерінің құзыретіне кірмейді.

43. Байланыста болған адамдарға АИТВ инфекциясының профилактикасы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымында мынадай уақытқа бақылау белгіленеді мынадай уақытқа бақылау белгіленеді:

1) АИТВ инфекциясын жұқтырған аналардан туған балалар үшін – он сегіз ай;

2) авариялық оқиғада медицина қызметкерлері үшін – бір ай;

3) донорлық биоматериал реципиенттері үшін – бір ай;

4) АИТВ жұқтырғандардың жыныстық серіктестері және есірткіні бірлесіп енгізу бойынша байланыста болған адамдар үшін – АЖА анықталғаннан кейін 6 айдан соң, одан әрі АИТВ-ны жыныстық жұқтыру жолының тәуекелі кезінде АЖА-да вирустық жүктеме деңгейіне байланысты;

5) ауруханаішілік ошақтан байланыста болғандар, егер медициналық емшараны алған кезде АЖА-мен байланыста болғаннан кейін бір айдан астам уақыт өтсе, бір реттік зерттеп-қараудан өтеді. Ауруханаішілік ошақтағы байланыста болғандарда АИТВ инфекциясына тестілеу нәтижесі оң болған кезде АИТВ генотиптеу және/немесе филогенетикалық талдау жүргізіледі, нәтижесі теріс болса, бақылау тоқтатылады;

6) имплантат бар адамдар – пациент операция жүргізілгеннен кейін бір жыл бойы бақыланады.

44. Аумақтық АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі орталығы тоқсан сайын РМДСҰ-на АИТВ-ӨТ бағдарламасы бойынша жедел тестілеу әдісімен АИТВ инфекциясына қан үлгілерін зерттеу нәтижелері және СИТ бойынша байланыста болған адамдарды зерттеп-қараумен қамту бойынша есепті ұсынады.

45. Есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне қарай аумақтық АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі орталығы РМДСҰ-на:

- 1) биоматериал донорлары мен реципиенттерінде;
- 2) балаларда;
- 3) медицина қызметкерлерінде;
- 4) босануға баратын жүкті әйелдерде;
- 5) медициналық көмек алуға байланысты жұқтыру кезінде медициналық ұйымдардың пациенттерінде;
- 6) пенитенциарлық мекемеде жұқтыру кезінде - сотталғандар мен тергеумен қамалғандарда;
- 7) АИТВ инфекциясының анықталмаған берілу жолымен тергеп-тексерілген жағдайларында.

46. Аумақтық АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі орталықтарында АЖА динамикалық бақылаумен қамтамасыз етіледі. Байланыста болған адамдарды зертханалық зерттеп-қарау нәтижелері АЖА амбулаториялық картасында тіркеледі. Эпидемиолог дәрігер электрондық бақылау базасына жаңа байланыста болған адамдар туралы ақпаратты енгізеді. Аумақтық АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі орталығының инфекционист дәрігері АЖА-ны динамикалық бақылау барысында отбасы жағдайының, тегінің, атының, әкесінің атының (бар болған жағдайда) өзгеруі жөніндегі деректерді, зерттеп-қарау және бақылау үшін жаңа байланыста болған адамдар туралы деректерді жаңартады, олар осы Қағидалардың 4-қосымшаға сәйкес АИТВ инфекциясымен өмір сүретін адамдарға серіктестерін индекстік тестілеу бойынша байланыста болған адамдарды тіркеу және зерттеп-қарау журналында тіркеледі.

47. РМДСҰ анықталған АЖА тізімін ай сайын қолма-қол тәсілмен желімделген конвертте немесе шифрланған паролімен мұрағатталған түрде қызметтік электрондық пошта арқылы жауапты қызметкерге «Республикалық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына және «Трансфузиология ғылыми өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жібереді.

48. Аумақтық АИТВ инфекциясының алдын алу жөніндегі орталықтары донорлықтан өмір бойы айыру үшін растау тесті берілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын аумақтық денсаулық сақтау ұйымына ақпаратты өзектендіру үшін анықталған АЖА тізімдерін және ай сайын – қайтыс болған АИТВ-жұқтырғандардың тізімдерін және тегін, атын немесе әкесінің атын ауыстырған адамдардың тізімдерін жібереді.

49. Авариялық жағдай туындаған кезде (зақымдалған немесе зақымдалмаған теріге, шырышты қабықтарға, медициналық құралдармен тесілген теріге, кесілген тері қабаттарына инфекцияланған материалдың немесе биологиялық субстраттардың түсуі), сондай-ақ жыныстық қатынас кезінде немесе басқа да мән-жайларда инфекция жұқтыру қаупіне ұшыраған адамдар жүгінген кезде авариялық жағдайдың орны, уақыты, ықтимал инфекция көзі айқындалады, кейіннен Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген журналда тіркеледі.

50. Авариялық жағдайды тіркеген медициналық ұйым ҚР ДСМ-175 бұйрығымен бекітілген № 049/е нысан бойынша ықтимал жұқтырылған материалмен кәсіби байланыс туралы есепті АИТВ инфекциясының алдын алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын аумақтық денсаулық сақтау ұйымына тәуекелдерді бағалау және инфекционист-дәрігердің байланыстан кейінгі профилактиканы тағайындауы үшін жібереді.

51. Эпидемиолог дәрігер немесе эпидемиолог дәрігердің көмекшісі авариялық жағдайларда зардап шеккендерге: байланыстан кейінгі профилактика басталғанға дейін және 1 айдан кейін қайтадан АИТВ-ға зерттеп-қарауға мониторинг жүргізеді.

52. Байланыстан кейінгі профилактикаға арналған антиретровирустық препараттар эпидемиологиялық көрсетілімдер болған кезде аумақтық АИТВ инфекциясының профилактикасы орталықтарында беріледі және жазбаша хабардар етілген келісім берілгеннен кейін авариялық жағдайда зардап шегушіге тағайындалады. ҚР ДСМ-175 бұйрығымен бекітілген № 049/е нысан бойынша «АИТВ инфекциясының байланыстан кейінгі профилактикасын жүргізуге хабардар етілген келісім бланкі» толтырылады.

53. «АИТВ инфекциясы» диагнозы қойылған медицина қызметкерлерін Кодекстің 161-бабының 4-тармағына сәйкес жұмыс беруші олардың тері қабаттарының немесе сілемей қабаттарының бүтіндігі бұзылмайтын басқа жұмысқа ауыстыруға жатқызады. АЖА АИТВ инфекциясының алдын алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын аумақтық денсаулық сақтау ұйымына парентеральді араласумен байланысты емес жұмысқа ауыстыру туралы лауазымдық нұсқаулықтар мен бұйрықтың көшірмелерін ұсыну қажет.

54. АИТВ инфекциясын эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің меңгерушілері/емдеу-профилактикалық бөлімінің меңгерушілері:

1) ЭБ базасында АЖА сауалнама жүргізгеннен кейін байланыста болған адамдардың деректерін қоса алғанда АИТВ инфекциясы жағдайын тергеп-тексеруді тіркеу картасының толық толтырылуына (1-қосымша);

2) АЖА серіктестерін индекстік тестілеу бойынша байланыста болған адамдарды тіркеу және зерттеп-қарау журналының Excell/ЭБ базасы форматында толтырылуына;

3) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес АИТВ инфекциясымен өмір сүретін адамдарға АИТВ-ға өзін-өзі тестілеуге арналған жиынтықтарды беру журналы және 7-қосымшаға сәйкес АИТВ инфекциясымен өмір сүретін адамдарға презервативтерді беру журналының толтырылуына;

4) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес қашықтықтан АИТВ-ға өзін-өзі тестілеу жүргізу кезінде АИТВ-мен өмір сүретін адамға / АИТВ-мен өмір сүретін адамға серіктестерінің өтініштерін тіркеу және мониторингілеу журналының толтырылуына.

55. АИТВ инфекциясының тергеп-тексеруін, эпидемияға қарсы және профилактикалық іс-шараларды аумақтық профилактикасы орталықтарының эпидемиологтары жүзеге асырады.

Халық арасында АИТВ
инфекциясын жұқтыру жағдайларын
тергеп-тексеру қағидаларына
1-қосымша

АИТВ инфекциясы жағдайын тергеп-тексеруді тіркеу картасы
Регистрационная карта расследования случая ВИЧ-инфекции

* қағаз нұсқада толтырылады, кейіннен деректер «Жағдайларды электрондық бақылау» ақпараттық жүйесіне енгізіледі

* заполняется в бумажном варианте с последующим вводом данных в информационную систему «Электронное слежение за случаями»

ЖСН/ИИН/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____	
1. Төлқұжат бөлімі Паспортная часть	
1.1 АИТВ ОҚО _____ ОГЦ ВИЧ _____	
1.2 (Иммуноблот (бұдан әрі - ИБ) тіркеу нөмірі _____	1.3 ИБ кою күні ____/____/_____/_____/_____/_____/_____/_____
1.2 Регистрационный номер (№ Иммуноблота (далее - ИБ) _____	1.3 Дата постановки ИБ ____/____/_____/_____/_____/_____/_____/_____
_____/____/ (Күні, айы, жылы /день, месяц, год)	
1.4 Анонимді 1- Иә 2- Жоқ 1.5 Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____	
1.4 Анонимно: 1 Да 2 Нет 1.5. Фамилия, Имя, Отчество (при его наличии) (баспа әріптерімен жазу / вписать печатными буквами)	
1.6 Туған күні ____/____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____ (күні, айы, жылы)	1.7 Жынысы 1 Еркек 2 Әйел
1.6 Дата рождения ____/____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____ (день, месяц, год)	1.7 Пол 1 Мужской 2 Женский
1.8 №2 нысан бойынша зерттеп-қарау коды ____/____/_____/_____. ____/*(№2 нысанды қара)	
1.8 Код обследования по форме №2 ____/____/_____/_____. ____/*(смотри форму №2)	
1.9 Трансгендер 1 Иә/Да 2 Жок/Нет	

2. Анықталған орны Место выявления	
2.1 Анықталған облысы 1 Абай 2 Ақмола 3 Ақтөбе 4 Алматы 5 Атырау 6 ШҚО 7 Жамбыл 8 Жетісу 9 БҚО 10 Қарағанды, 11 Қостанай 12 - Қызылорда 13 Маңғыстау 14 Павлодар 15 СҚО 16 Түркістан 17 Ұлытау 18 Алматы қаласы 19 Астана қаласы 20 Шымкент қаласы	
Область выявления 1 область Абай 2 Акмолинская 3 Актюбинская 4Алматинская 5Атырауская 6ВКО 7 Жамбылская 8 Жетысуская 9 ЗКО 10 Карагандинская, 11Костанайская 12 Кызылординская 13 Мангистауская 14 Павлодарская 15 СКО 16Туркестанская 17 Ұлытау 18 город Алматы 19 город Астана 20 город Шымкент	
2.2 Анықталған облыстарда әкімшілік бірлік (баспа әріптермен жазу: анықталған қала, аудан) _____	
2.2 Административная единица области выявления (вписать печатными буквами: город, район выявления) _____	
2.3 Пенитенциарлық мекеме (мекеменің атын жазу)	

Пенитенциарное учреждение (вписать название учреждения)

2.4 Анықталған орны 1 АИТВ орталығы 2 Қан орталығы 3 ТМ 4 Тубдиспансер 5 ТИ 6 Емхана (СДА) 7 Қабылдаушы-таратушы орын 8 Наркологиялық диспансері 9 Терівендиспансер 10 УҰО, 11 Стационар 12 Перзетхана 13 ОАА (стационар) 14 Әйелдер консультациясы 15 СП 16 ДК 17 Балалар үйі 18 Әлеуметтік қызметтер көрсетінін ұйымдар 19 – Хоспис 20 Әскери бөлім 21 Басқалары 22 ҰЕҰ 23 Жеке МҰ 24 АА (емхана)

2.4 Место выявления: 1 Центр ВИЧ 2 Центр крови 3 ИУ 4 Тубдиспансер 5 СИ 6 Поликлиника (СВА) 7 Приемник-распределитель 8 Наркодиспансер 9 Кожвендиспансер 10 ИВС 11 Стационар 12 Родильный дом 13 РБ (стационар) 14 Женская консультация 15 ПД 16 ДК 17 Дом ребенка 18 Организации, оказывающие специальные социальные услуги 19 Хоспис 20 Воинская часть 21 Прочее 22 НПО 23 Частные МО 24 РБ (поликлиника)

2.5 Жұқтырған орны/место инфицирования пенитенциарлық мекеме/ пенитенциарное учреждение медициналық мекеме/ медицинское учреждение

2.6 Жұқтырған мекеме/Учреждение инфицирования

2.7 Тіркелген әкімшілік аумағы /Административная территория регистрации

3. Әлеуметтік –демографиялық деректер

Социально-демографические данные

3.1 Азаматтығы 1 Қазақстан Республикасы азаматы 2 Шетелдік 3 Азаматтығы жоқ адамдар 4 Қандас 5 Тұруға ықтияр хаты бар шетелдік азамат

3.1 Гражданство 1 Гражданин Республики Казахстан 2 Иностранный гражданин 3 Лицо без гражданства 4 Қандас 5 Иностранный гражданин с видом на жительство

Шетелдік азаматтар үшін – төлқұжат бойынша азаматтығы

Для иностранных граждан – гражданство по паспорту

3.2 Қазақстан Республикасына келген уақыты __/__/__/__/__/__(күн, айы, жылы)

Дата приезда в Республику Казахстан __/__/__/__/__/__/__(день, месяц, год)

3.3 Қазақстан Республикасына қандай елден келді? 1 Ресей 2 Беларусь 3 Украина 4 Молдова 5 Қытай 6 Монғолия 7 Әзірбайжан 8 Қырғызстан 9 Тәжікстан 10 Түрікменстан 11 Өзбекстан 12 Армения 13 Грузия 14 Латвия 15 Алыс шетел 16 Басқалары

Из какой страны прибыл в Республику Казахстан? 1 Россия 2 Беларусь 3 Украина 4 Молдова 5 Китай 6 Монголия 7 Азербайджан 8 Кыргызстан 9 Таджикистан 10 Туркменистан 11 Узбекистан 12 Армения 13 Грузия 14 Латвия 15 Дальнее зарубежье 16 Другое

3.4 Қазақстан Республикасына келу мақсаты 1 Оқу 2 Жұмыс 3 Қызметтік іссапар 4 Туристік сапар 5 ТМЖ 6 Жеке сапар

